Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 16 қараша 2026 жыл

«Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырында Манашы өзені арқылы өтетін әуе өткелін қосу жұмыстары аяқталды

Атырау және Маңғыстау облыстарының тұрғындарын, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен өнеркәсіптік кәсіпорындарды сумен сенімді әрі үздіксіз қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар аясында 2026 жылғы 10–13 қараша аралығында «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырының 696-шақырымында Манашы өзені арқылы өтетін ұзындығы 130 метр жаңа әуе өткелін қосу жұмыстары орындалды.

Өткел отандық өндірістен шыққан, диаметрі 1220×12 мм, 17Г1С маркалы болаттан жасалған, сыртқы коррозияға қарсы күшейтілген жабыны бар спиральді жапсарлы болат құбырдан салынды.

Жұмыстарды орындауға «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы мен «Магистральды Су құбыры» ЖШС-нің 50-ден астам маманы және 12 арнайы техника жұмылдырылды.

Жұмыс барысында өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына ерекше назар аударылды. Жұмыстар жүргізілген кезеңде мамандандырылған мердігер ұйымдардың тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылып, нысанда жедел медициналық жәрдемнің көшпелі бригадасы кезекшілік етті.

Жұмыстарды жүргізудің бекітілген жоспарына сәйкес жаңа учаскені қосуға 72 сағат бөлінген болатын. Екі кәсіпорын мамандарының үйлесімді жұмысы, тиімді өзара іс-қимылы және өндірістік процестің нақты ұйымдастырылуы нәтижесінде барлық жұмыс белгіленген мерзімнен бұрын аяқталды.

«Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбыры – Қазақстанның батыс өңіріндегі сумен жабдықтау жүйесінің негізгі нысандарының бірі. 1987 жылы пайдалануға берілген су құбыры Атырау және Маңғыстау облыстарының су тапшылығы бар аудандарына Еділ суын жеткізеді.

2018 жылдан бастап су құбырын «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес кәсіпорны – «Магистральды Су құбыры» ЖШС пайдалануға жауапты. Кәсіпорын құбырларының жалпы ұзындығы 2 311,66 шақырымды құрайды. Су құбырының сенімді әрі үздіксіз жұмыс істеуі екі өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрғындардың тіршілігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Осыған байланысты инфрақұрылымның техникалық жай-күйін тиісті деңгейде ұстау және жөндеу-профилактикалық жұмыстарды уақтылы жүргізу кәсіпорын қызметінің басым бағыттарының бірі саналады.

Жаңа әуе өткелін қосу – магистральдық су құбырын жаңғыртудағы маңызды кезең. Жобаны іске асыру инфрақұрылымды пайдалану сенімділігін арттыруға, суды қауіпсіз әрі үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз етуге және Атырау мен Маңғыстау

облыстарының тұрғындары мен кәсіпорындарын тұрақты сумен жабдықтауға мүмкіндік береді.

«ҚазТрансОйл» АҚ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобына кіретін магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. Компанияның ұзындығы 5,2 мың шақырымды құрайтын әртараптандырылған магистральдық мұнай құбырлары желісі бар. Сонымен қатар басқа ұйымдардың жалпы ұзындығы 5 мың шақырымнан асатын құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырының меншік иесі болып табылатын «Магистральды Су құбыры» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-ына иелік етеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ
баспасөз қызметі